

**Regional Academy of Management
European Scientific Foundation Institute of Innovation
Regional Center for European Integration
National Institute of Economic Research
Sokhumi State University
Ukrainian Assembly of Doctors of Sciences in Public Administration
East European Institute
University of Economics and Entrepreneurship
Taraz Innovation and Humanities University**



**MATERIALS
of the II International scientific-practical conference
"INTEGRATION OF THE SCIENTIFIC COMMUNITY
TO THE GLOBAL CHALLENGES OF OUR TIME"**

**March 7-9, 2017,
Osaka, Japan**

Volume II

Osaka, 2017

**UDC 001.18
LBC 72
M 33**

Editorial Board:

Chairman of the Board – Professor S. Midelski (Kazakhstan).

Members of the Board: D.Sc., Professor S. Baubekov (Kazakhstan), Ph.D., Associated Professor Zh. Duysheev (Kyrgyzstan), Ph.D., Associated Professor B. Gechbaia (Georgia), D.Sc., Professor V. Kim (Kazakhstan), Ph.D., Professor O. Komarov (Kazakhstan), Associated Professor T. Kolossova (Kazakhstan), Associated Professor I. Makarycheva (Russia), D.Sc., Professor A. Mamasydykov (Kyrgyzstan), Ph.D., Associated Professor A. Morov (Russia), D.Sc., Professor L. Qoqiauri (Georgia), D.Sc., Professor E. Romanenko (Ukraine), Ph.D., Professor L. Takalandze (Georgia), D.Sc., Professor K. Toktomamatov (Kyrgyzstan), D.B.A., Professor T. Trocikowski (Poland).

**Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time":
M 33 materials of the II international scientific-practical conference. In three volumes.
Volume II – Osaka, Japan: Regional Academy of Management, 2017. – 414 p.**

ISBN 978-601-267-055-4

This is a compilation of the materials of the II international scientific-practical conference "Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time", that was held in Osaka, Japan, 7-9 March 2017.

Submissions cover a wide range of issues, primarily the problem of improving management, sustainable economic development and introduction of innovative technologies, improved training and enhancement of the development of "human capital", interaction between the individual and society, psychological and pedagogical foundations of innovative education.

Materials addressed to all those interested in the actual problems of management, economy and ecology, social sciences and humanities.

**UDC 001.18
LBC 72**

ISBN 978-601-267-055-4

© Regional Academy of Management, 2017



**Аймақтық Менеджмент Академиясы
Региональная Академия Менеджмента
Regional Academy of Management**



Медаль
«ЛИДЕР КАЗАХСТАНА 2013»

Leader of Kazakhstan * Қазақстан Көшбасшысы * Лидер Казахстана*

* According to the National Business Rating Kazakhstan:
<http://nbr-kz.com/> / Согласно данным Национального
Бизнес-Рейтинга Казахстана: <http://nbr-kz.com/>



Regional Academy of Management is a public Academy of Sciences, a self-governing community of scholars, teachers and practitioners in the management from the Republic of Kazakhstan, the European Union and the CIS countries, Turkey, India and Georgia. Holds the honorary title "Leader of Kazakhstan" among research organizations.

The Academy operates in accordance with the principles and standards of the Bologna scientific and educational process.

The purpose of the Academy is to promote social and managerial knowledge and technology, as well as the implementation of economic, sociological, socio-psychological and other fundamental and applied research on topical issues of governance.

Academy provides independent certification and assessment of the quality of training of the teaching staff, as well as leaders and practitioners of the highest qualification in the management and social sciences, with the issuance of the relevant qualification documents.

For more information visit: www.regionacadem.org

Inquiries by e-mail: inf.academ@gmail.com

Региональная Академия Менеджмента – академия наук, самоуправляемое сообщество ученых, преподавателей и специалистов-практиков в области менеджмента из Республики Казахстан, стран Европейского Союза и СНГ, Турции, Индии, Грузии. Обладатель почетного звания «Лидер Казахстана» среди научных организаций.

Академия действует в соответствии с принципами и стандартами Болонского научно-образовательного процесса.

Целью Академии является содействие развитию социально-управленческих знаний и технологий, а также проведение экономических, социологических, социально-психологических и иных фундаментальных и прикладных научных исследований по актуальным проблемам управления.

Академия осуществляет независимую аттестацию и оценку качества подготовки научно-педагогических кадров, а также руководителей и специалистов-практиков высшей квалификации в области менеджмента и других социальных наук с выдачей соответствующих квалификационных документов.

Подробная информация на сайте: www.regionacadem.org

Справки по электронной почте: inf.academ@gmail.com

Compilation of the materials of the international scientific-practical conference "Quality Management: Search and Solutions" (edited by S. Midelski) was awarded the **Honorary Diploma** and the **Gold Medal** of the **XXVIII Moscow International Book Fair**, held at the **Exhibition of Economic Achievements (VDNKh, Moscow, Russia) 2-6 September 2015**.

XXVIII Moscow International Book Fair - the largest international scale Book Forum in Russia, which became one of the central events of the Year of Literature in the Russian Federation.

Participants of the oldest book fair has become more than 400 Russian and foreign publishing houses from 30 countries, which traditionally provided the best examples of educational, scientific, reference and encyclopedic, fiction, children's literature.



Сборник материалов международной научно-практической конференции «Менеджмент качества: поиск и решения» (под редакцией С.Л. Мидельского) был отмечен Почетным Дипломом и Золотой медалью XXVIII Московской международной книжной выставки-ярмарки, состоявшейся на Выставке Достижений Народного Хозяйства (ВДНХ, г. Москва, РФ) 2-6 сентября 2015 года.

XXVIII Московская международная книжная выставка-ярмарка - крупнейший в России книжный форум международного масштаба, который стал одним из центральных событий Года литературы в Российской Федерации.

Участниками старейшего книжного форума страны стало более 400 российских и зарубежных издательств из 30 стран, которые традиционно представили лучшие образцы учебной, научной, справочно-энциклопедической, художественной, детской литературы.

* * * * *

All collections of scientific papers, published by the Regional Academy of Management, have **ISBN, Bibliographic Classification, Universal Decimal Classification (UDC) and all the necessary details**. Collections are recorded in scientometric based **RSCI (Russian Science Citation Index)**, receive **impact factor** and placed in the largest in the CIS electronic library of scientific publications **eLIBRARY.RU**.

Все сборники научных трудов, издаваемые Региональной Академией Менеджмента, имеют **ISBN, ББК, УДК и все необходимые реквизиты**, регистрируются в наукометрической базе **РИНЦ (Российский индекс научного цитирования)** с получением соответствующего **импакт-фактора** и размещаются в крупнейшей в СНГ электронной библиотеке научных публикаций **eLIBRARY.RU**.

8.23. Л.И. Кашук Статистический обзор и анализ структуры количественного состава субъектов предпринимательской деятельности Павлодарской области.....	178
8.24. Л.С. Нурпеисова, А.Б. Заманбекова, Н.С. Нурпеисова, М.А. Иманбекова, К.К. Джампеисова Качество продукции – как основа конкурентоспособности бизнеса в современных условиях.....	183
8.25. С.Р. Калмагамбетова, Н.Т. Сейткалиева, Х. Иса Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру жолдары.....	191
8.26. Ж.А. Куатбеков, Ж.Н. Ибраимова, Ж.Ж. Саркулова, Р.П. Капарова Формы взаимодействия государства и бизнеса при реализации государственно-частного партнерства.....	196
8.27. А.Ә. Жантаева Зейнетақы активтерін басқару тиімділігін бағалау.....	203
8.28. Д.А. Сейтхожина Процесс осуществления изменений в современной организации: этапы, модели, управление.....	210
8.29. А.А. Оспанов, А.Н. Токсанова Өнеркәсіптік кәсіпорынның инновациялық дамуы.....	216
8.30. М.К. Тузубекова, А. Маратова Өмір сапасының ел экономикасын дамытудағы алатын орны мен рөлі.....	219
8.31. М.К. Тузубекова, Д.М. Гельманова Развитие малого и среднего бизнеса в аграрном секторе Казахстана в условиях интеграции.....	222
8.32. В.Н. Сеитова, К.У. Стамкулова, Г.С. Сатбаева Предпосылки производства экологически чистой продукции в аграрном секторе Казахстана.....	225
8.33. Г.Е. Кадырова, А.Н. Сейтжан Инвестиции в аграрный сектор экономики: залог процветания страны.....	229
8.34. Э.М. Адиетова, Р.С. Уталиева, К.М. Утепкалиева Тасымалдау кешені және оның ерекшеліктері.....	234
8.35. А.Ж. Олжабаева Оптимизация бюджетных расходов – повышение управляемости финансовыми потоками.....	239
8.36. Б.А. Абдуллаева ҚР Ұлттық банкінің ақша-несие саясатындағы жағдайы.....	246
8.37. Н.К. Калаганова, А.М. Кушанбаева Развитие человеческих ресурсов организации (коучинг-подход).....	254

8.27. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

А.Ә. Жантаева

«Нархоз» университеті
(Алматы қ., Қазақстан)

Қаржы дағдарысы кезінде Қазақстанда ғана емес, барлық елдерде зейнетақы активтерін басқаруда барлық кемшіліктер айқындала бастады. Нақтырақ айтсақ, зейнетақы активтерін басқарудағы әлсіздік: алуан түрлі қаржы құралдарына салынған инвестиция салдарын бағалай алмаушылықтан, дефолтты және ірі қаржы институттарының қайта құрылымдауын болжай алмаудан қатты білінді. Сонымен бірге бұл, жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық тұрақтылық кезінде, құлдырау жағдайына қажетті қорды (запастарды) уақтылы құра алмауында.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) мен инвестициялық портфельді басқару (ИПБ) ұйымдарының қызметін пруденциалдық реттеудің жаңа әдісі тәуекелдерді өлшеуге негізделген.

Қаржы ұйымдарында бүгінгі күнде тәуекелдерді бағалаудың кеңінен таралған әдісі, стресс-тестілеу болып саналады. Халықаралық Валюта Қоры стресс-тестілеуді «макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерісіне, немесе ерекше, бірақ болуы мүмкін болатын оқиғаларға зейнетақы активтерінің сезімталдығын бағалау әдістері» ретінде қарастырады. Халықаралық есеп айырысу Банкіне сәйкес «стресс-тестілеу-ерекше, бірақ болуы мүмкін оқиғаларға қатысты қаржылық институттардың өзінің әлсіздігін бағалау үшін қолданатын әртүрлі әдістерін сипаттайтын термин» [1].

Стресс-тестілеудің ресми анықтамасы [2]: «стресс-тестілеу түрлендірілген $fstress(*)$ факторлық бөлумен шығарылған $gstress(yt + 1)$ бөлінуі», яғни стресс-тестілеуді жүргізудің мақсаты, жаңа («стрестік») тәуекелді факторларының шамасын анықтау болып табылады. Осының негізінде портфель табыстылығы жаңадан бөліп таратылады және стрестік жағдай кезінде инвестицияға салынған зейнетақы активтерінің мүмкін болатын залалдар (жоғалтулары) бағаланады. Анықтамада стресс-тестілеу кезіндегі сценарий бойынша «бағалау моделі» өзгертілмейді деп, болжанғаны туралы атап өту керек. Стрестік сценарийлар келесілерден тұрады [3]:

- 1) тарихи деректерге қарағанда ықтималдығы жоғары «Естен тандыру» жағдайды модельдеу;
- 2) бұрын болмаған «Естен тандыру»-ды моделдеу;
- 3) қарапайым өзара байланыстар (немесе паттерндер), белгілі бір оқиғалар кезінде мүлдем жоқ болып кететіндей мүмкіндікті сипаттайтын «Естен тандыру»-ды модельдеу;
- 4) болашақта болуы мүмкін құрылымдық өзгерістерді сипаттайтын «Естен тандыру»-ды модельдеу.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен зейнетақы активтерін ИПБ ұйымдары үшін тәуекелді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптас-тыру қағидалары, көбінесе баға тәуекелі, пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және өтімділік тәуекелі бойынша стресс-тестілеу жүргізу арқылы бағаланады.

Баға тәуекелі бойынша стресс-тестілеу нарықтық қайта бағалауға жататын, яғни «әділ құны бойынша бағаланатын», нәтижесі Қордың пайда немесе залалында танылатын, «сату үшін қолда бар» және нарықтық бағасы бар құралдарға жүргізіледі. Қаржы құралдарының бұл санаттары-қаржы құралдарының түрлері мен экономика секторы бойынша топтастырылады. Қаржы құралының ағымдағы құнының төмендеу сценарийі 0%-5%, 5%-10%, 10%-20%, 20%-30% және 30% астам аралығында қаржы құралдарының әр санаты үшін, тек бір жорамалданған сценарий таңдалады.

Пайыздық тәуекел бойынша стресс-тестілеу нәтижесі портфельдің кірістілік көрсеткіштеріне келесі 2 ай көлемінде әсер етуі мүмкін, тек құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар құралдар үшін жүргізіледі. Пайыздық тәуекел бойынша стресс-тестілеу барысында қаржы құралдары «мерзімі өтеуге дейін» (өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар) деп бөлінеді. Борыштық бағалы қағаздар - өтеуге дейінгі мерзімі 6 айдан кем емес, 6-12 ай, 12-18 ай, 18-24 ай және 24 айдан астам қаржы құралдарының бірнеше сценарийлеріне ұшырауы мүмкін. Қаржы құралының ағымдағы құны, купондық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің төмендеу сценарийі 0%-2%, 2%-4%, 4%-6% және 6% астам аралығында жүргізіледі.

Валюталық тәуекел бойынша стресс-тестілеу тек номиналды құны шетел валюталарына индекстелген, сондай-ақ шетел валютасы және теңгемен берілген қаржы құралдары бойынша жүзіледі. Шетел валютасына қатысты теңгені нығайту сценарийі 1%-3%, 3%-5%, 5%-7%, 7%-13%, 13%-20% және 20% астам аралығында көрсетіледі.

Өтімділік тәуекелі бойынша стресс-тестілеу өтімді активтер көлемінің азайуына болжам жасалады. Активтерден пайыз бойынша түскен түсімді қоспағанда төлемдер, аударымдар, өсімпұл мен айыппұлдар 0%-1%, 1%-2%, 2%-3%, 3%-4%, 4%-5%, 5%-6%, 6%-7%, 7%-8%, 8%-10% сценарийінің бірі бойынша жүргізіледі. Қордың меншікті активтерінің өтімділік тәуекелі бойынша стресс-тестілеу жүргізу барысындағы өтімді активтер тізімі [4] берілген.

Стресс-тестілеу жүгізгеннен (екі айдан) кейін, тәуекелдерді өлшеу тиімділігін тексеру үшін, ИПБ ұйымы кезең соңында болжамды есептеулер нәтижесін, нақты алынған нәтижемен салыстыруға және болжамды деректердің дұрыстығын бағалау үшін бэк-тестілеу жүргізеді. Инвестициялық комитет қаржы құралдармен жүргізілген операцияларға қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау үшін, тұрақты бэк-тестілеу нәтижелерін жиі пайдаланады. Бэк-тестілеу берілген модель немесе сценарий бойынша болжам жасаудың қолайлы ара қашықтықтығын анықтап береді.

2016 жылдың 1 қаңтарына «БЖЗҚ» - ның зейнетақы активтеріне пайыздық тәуекел және баға тәуекелі бойынша жүргізілген стресс-тестілеу қорытындысы сәйкес 1 және 2 кестеде берілген.

1 – кесте. 2016 жылдың 1 қаңтарына «БЖЗҚ» - ның портфеліне пайыздық тәуекелі бойынша стресс-тестілеу

Борыштық бағалы қағазды өтеуге дейінгі мерзім	Қаржы құралының ағымдағы құны	Купонды сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің төмендеу сценарийі						Таңдалған сценарий бойынша шығын (теңгемен)	
		0 - 2%		2% - 4%		4% - 6%			6% астам
		-3 438 049,3	0,0	-3 438 049,3	-6 876 098,6	-6 876 098,6	0,0		-9 396 932,5
6 айдан кем емес	227 297 144,0	-3 438 049,3	0,0	-3 438 049,3	-6 876 098,6	-6 876 098,6	0,0	-9 396 932,5	-3 438 049,3
6-12 ай	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
12-18 ай	897 957 452,3	-15 730 061,1	-15 730 061,1	-31 460 122,2	-31 460 122,2	-31 460 122,2	-38 690 473,6	-38 690 473,6	-15 730 061,1
18-24 ай	0,0	0,0	0,0	0,00	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
24 айдан астам	645 738 894,2	-7 681 626,6	-7 681 626,6	-15 363 253,2	-15 363 253,2	-15 363 253,2	-19 255 523,3	-19 255 523,3	-7 681 626,6
Борыштық бағалы қағазды өтеуге дейінгі мерзім									
Ескерту – www.enpf.kz дереккөзі негізінде автормен есептелген									

2 – кесте. 2016 жылдың 1 қаңтарына «БЖЗҚ» - ның қаржылық активтеріне баға тәуекелі бойынша стресс-тестілеу

Қаржы құралдарының санаты	Қаржылық құралдардың ағымдағы құны (теңгемен)	Қаржы құралының ағымдағы құнының төмендеу сценарийі				Таңдалған сценарий бойынша шығын (теңгемен)
		0%-5%	5% - 10%	10% - 20%	20% - 30%	
Мемлекеттік бағалы қағаздар	0	0	0	0	0	0
Орталық (Ұлттық) банк	0	0	0	0	0	0
Баға да қаржылық бірлестіктер	0	0	0	0	0	0
Мемлекеттік қаржылық емес бірлестіктер	0	0	0	0	0	0
Корпоративтік үлестік бағалы қағаздар	5 884 820	294 241	588 482	1 176 964	1 765 446	1 176 964
Басқа да депозиттік бірлестіктер	5 884 820	294 241	588 482	1 176 964	1 765 446	1 176 964
Мемлекеттік емес қаржылық емес бірлестіктер	0	0	0	0	0	0
Шығын жиынтығы:						1 176 964

Ескерту – www.eprf.kz дереккөзі негізінде автормен есептелген

2016 жылдың 1 қаңтарына «БЖЗҚ» - ның портфеліне пайыздық тәуекел бойынша жүргізілген бэк-тестілеу нәтижесі, 3-кестеде берілген.

3 – кесте. «БЖЗҚ» - ның зейнетақы активтеріне пайыздық тәуекел бойынша бэк - тестілеу

Борыштық бағалы қағазды өтеуге дейінгі мерзім	Стресс Тестинг	Бэк Тестинг	Стресстік жағдайдағы активтердің құны	Стресстік жағдайдағы шығын, %
	01.01.2015	01.01.2016		
6 айдан кем емес (МБҚ)	-3 438 049,29	-302 275,00	227 297 144,02	-0,13%
6 айдан кем емес (КБҚ)	0,00	0,00	0,00	
6-12 ай (КБҚ)	0,00	0,00	0,00	
12-18 ай (МБҚ)	-15 730 061,11	-1 599 827,39	826 721 544,05	-0,19%
24 айдан астам (МБҚ)	-7 681 626,61	-768 162,66	645 738 894,24	-0,12%
18-24 ай (КБҚ)	0,00	0,00	0,00	
12-18 ай (КБҚ)	0,00	0,00	0,00	
24 айдан астам (КБҚ)	0,00	0,00	0,00	
6-12 ай (МБҚ)	0,00	0,00	0,00	
18-24 ай (МБҚ)	0,00	0,00	0,00	
Шығын жиынтығы:	-26 849 737,01	-2 670 265,05	1 699 757 582,31	-0,16%

Ескерту – www.enpf.kz дереккөзі негізінде автормен есептелген

Таңдалған сценарий бойынша қаржы құралдарының ағымдағы құнына, тұтыну бағаларының индексіне байланыстылған өзгермелі купондық мөлшерлемедегі бағалы қағаздар алынды. Алдыңғы есеп беру кезеңінде, бэк-тестілеу бойынша меншікті портфель стресстік сценарийға ұшыраған жоқ. Стресстік сценарий ретінде, купонды сыйақының пайыздық мөлшерінің төмендеуінің 0% дан 2% дейінгі аралықтары алынды.

Пайыздық тәуекел бойынша бэк-тестілеудің нәтижесі стресстік актив құнынан (1 699 757 582,31 теңге) залал (жоғалтулар) -2 670 265,05 теңгені, немесе - 0,16% құрады.

Бэк-тестілеуге қаржылық құралдардың ағымдағы құнына «сату үшін қолда бар» және «саудаға арналған» санаттары бойынша сыныпталған құралдар алынды, ал мемлекеттік бағалы қағаздардан және корпоративтік борыштық қаржылық құралдардан тұратын портфель баға тәуекеліне ұшырамайды. Стресс - тестілеу жүргізілген аралықта корпоративтік үлестік қаржылық құралдар, бэк -тестілеуге байланысты, стресстік сценарийға ұшыраған жоқ. Сценарийге қаржы құралының ағымдағы құнының төмендеуінің 10%-дан 20% аралығы алынды.

2016 жылдың 1 қаңтарына «БЖЗҚ» - ның портфеліне баға тәуекелі бойынша бэк-тестілеу, 4 - кестеде берілген.

4 – кесте. «БЖЗҚ» - ның зейнетақы активтеріне баға тәуекелі бойынша бэк - тестілеу

Қаржы құралдарының санаты	Стресс Тестинг	Бэк Тестинг	Стресстік активтердің құны	Стресстік жағдайдағы шығын, %
	01.01.2015	01.01.2016		
Мемлекеттік бағалы қағаздар	0,00	0,00	0,00	
Орталық (Ұлттық) банк	0,00	0,00	0,00	
Бақа да қаржылық бірлестіктер	0,00	0,00	0,00	
Мемлекеттік қаржылық емес бірлестіктер	0,00	0,00	0,00	
Корпоративтік үлестік бағалы қағаздар	-1 163 323,47	68 203,10	5 816 617,34	1,17%
Басқа да депозиттік бірлестіктер	-1 163 323,47	68 203,10	5 816 617,34	1,17%
Мемлекеттік емес қаржылық емес бірлестіктер	0,00	0,00	0,00	
Шығын жиынтығы:	-1 163 323,47	68 203,10	5 816 617,34	1,17%
Ескерту – www.enpf.kz дереккөзі негізінде автормен есептелген				

Баға тәуекелі бойынша бэк-тестілеудің нәтижесі стресстік актив құнынан (5 816 617,34 теңге) залал (жоғалтулар) 68 203,10 теңгені, немесе 1,17% құрады.

Қорыта келгенде зейнетақы активтері үшін ең жоғарғы қауіпті нарықтық тәуекел төндіреді. Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық факторлардың өзгеруі салдарынан зейнетақы активтері құнының төмендеу тәуекелі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Blaschke W., Jones T., Majnoni G., Peria S-M. «Stress Testing of Financial Systems: An Overview of Issues, Methodologies, and FSAP Experience», IMF Working Paper, 2001.
2. «Stress testing by large financial institutions: current practice and aggregation issues», BIS, 2000.
3. Strategic management in international development financial institutions. Edited by V. D. Andrianov Consult Banker Publishing. – Moscow, 2012 – 267 с.
4. ҚР ҚРА «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер, және оларды есептеу әдістемесі туралы», 2009 жылғы 5 тамыздағы № 181 Қаулысы. 24.12.12.

Regional Academy of Management
European Scientific Foundation Institute of Innovation
Regional Center for European Integration
National Institute of Economic Research
Sokhumi State University
Ukrainian Assembly of Doctors of Sciences in Public Administration
East European Institute
University of Economics and Entrepreneurship
Taraz Innovation and Humanities University

MATERIALS
of the II International scientific-practical conference
"INTEGRATION OF THE SCIENTIFIC COMMUNITY
TO THE GLOBAL CHALLENGES OF OUR TIME"

March 7-9, 2017,
Osaka, Japan

Volume II

All materials are published in author's edition.

The authors are responsible for the content of articles and for possible spelling and punctuation errors.

Все материалы опубликованы в авторской редакции.

Ответственность за содержание статей и за возможные орфографические и пунктуационные ошибки несут авторы.

© Regional Academy of Management, 2017

